

**«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің Әлеуметтік педагогтың**

2023-2024 оқу жылында атқарған

жылдық жұмысының есебі.

Әлеуметтік педагогтың аты-жөні: Абжапбар Асылжан Талғатұлы

Әлеуметтік педагог- бұл өсіп келе жатқан тұлғаның мүддесін, заңдық құқық қорғаушы. Әлеуметтік педагог-сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы, сонымен қатар бұл қызметтің жетекші ұйымдастырушысы. Оның барлық күш жігері адамды әрекетке, әлеуметтік инициативаға, қиын жағдайдан шығу жолын іздеуге, оятуға бағытталады, адамдардың проблемасын өздері шеше алуына көмектеседі. Әлеуметтік педагогты рухани жетекші, тәлімгер десек те болады, себебі ол жылдар бойы баламен, оның отбасымен жұмыс жүргізеді, әлеуметтік, жалпы адамзаттың құндылықтардың қалыптасуына ықпал етуші.

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткіш анықтау және жаңа оқу жылының жоспарын енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі-оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

2023-2024оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жұмыстарыма тоқталатын болсам.Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік құжаттары жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты 2023-2024 оқу жылына

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	322 / 24
2	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	1

3	Жартылай жетім Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған:	17 1
4	Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы саны: Оқушы саны:	3 8
5	Аз қамтамасыз етілген отбасылар саны: Жалғызділікті аналардың балалары: Ажырасқан отбасы балалары: Отбасы жағдайы өте төмен балалар:	4 16
6	Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны:	65
7	Ыстық тамақ ішетін оқушылар саны:	122
8	Мүгедек (үйде оқытылатын) балалар саны:	7

Тамыз айында- әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары жасалынып бекітіліп алынды.

«Қамқоршылық» кеңесінің жоспары жасалынып бекітірілді. Мектептің асхана мен дәрігерлік кабинеттердің материалдық базасы тексерілді.

“Мектепке жол” акциясын өткізу жөнінде іс-шаралар жоспары жасалынды. Көмек көрсету мақсатында демеушілер тартылды. Акция барысында әлеуметтік мәртебеге ие отбасы балаларына киім-кешек, оқулықпен және қаржылай көмектер көрсетілді.

Жалпыға міндетті білім қорынан 10- оқушыға мектеп формасы, күздік, қыстық киімдер сатып алуға әр балаға 40567 теңгеден ата-аналардың есеп шоттарына аударылды.

Жалпыға міндетті білім қорынан бастауыш сынып оқушыларының барлығы 122- оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылды.

*«Мәдени жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*



2023-2024 оқу жылы

“Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі”

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Алынған зат туралы мәлімет

(Ведомость)

28.08.2023 жыл



28.08.2023 жылы “Мектепке жол” қайырымдылық акциясының демеушілер есебінен: жетім, жартылай жетім, күн көрісі төмен отбасы, көп балалы отбасы балалары, үйде оқытылатын мүгедек оқушылардың тізімі және ата-аналарының, қамқоршылары берілген оқуға қажетті құрал-жабдықтарын қабылдап алғандығы жөнінде мәлімет

Демеушілер:

1. Аудандық кәсіподақ комитетінен: 1-оқушыға сөмке, оқу құралдарымен қамтамасыз етті
2. Медценат Рыспаев Бегалы ағамыздан: 3-оқушыға сөмке, оқу құралдарымен қамтамасыз етті
3. Аксай ӨК демеушілігімен: 4-оқушыға сөмке, оқу құралдарымен, мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, спорттық киімдер, т.б барлық қажетті киім-кешектермен қамтамасыз етті
4. Мәдени жббм ұстаздарынан жалпы: 70 000 теңге
5. Бекболат ағайдан: 100 000 теңге
6. Бастықов Мұхтар ағамыздан: 100 000 теңге
7. Қаныбек жиен: 50 000 теңге
8. Мәдени ауылының жігіттерінен жалпы: теңге
Жолдас Нұрболат, Төребек Кеңесары, Сағат Азамат, Арман Сәбденов, Өркен, Заманбек, Асанов Бекасыл, Мақсат аға, Досхан, Олжас Шаденов, Дәулет, Берік Н, Нұран, Данияр Медетбеков, Ерлан
9. Жахан Онғар және 93-жылғы жігіттерден жалпы: 60 000 теңге

“Мектепке жол” қайырымдылық акциясының демеушілер есебінен:

Жалпы сомасы: 500 000 теңге

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі	Берілген заттар атауы	Қабылдап алғандығы туралы ата-ананың қолы
1	Мырзағали Занғар	4	жартылай отбасы	сөмке, оқу құралдары	<i>Мырзағали</i>
2	Темір Айбек	1	көп балалы отбасынан	сөмке, оқу құралдары	<i>Темір</i>
3	Құдайберген Ұлсезім	3	Ф-4	сөмке, оқу құралдары	<i>Құдайберген</i>
4	Түзелбек Нұрқелді	6	жетім	сөмке, оқу құралдары	<i>Түзелбек</i>
5	Садуақан Даяна	2	Ф-4	сөмке, оқу құралдарымен, мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, спорттық киімдер, т.б	<i>Даяна</i>
6	Сансызбай Нұрбақыт	2	жартылай жетім	сөмке, оқу құралдарымен, мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, спорттық киімдер, т.б	<i>Нұрбақыт</i>
7	Ордабек Назым	2	көп балалы отбасынан	сөмке, оқу құралдарымен, мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, спорттық киімдер, т.б	<i>Назым</i>
8	Құдайберген Жұлдыз	3	Ф-4	сөмке, оқу құралдарымен, мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, спорттық киімдер, т.б	<i>Жұлдыз</i>
9	Жұматай Саят	5	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Жұматай</i>
10	Жаксыбек Дидар	5	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Дидар</i>
11	Рысқұлбек Қасымжомарт	8	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Рысқұлбек</i>
12	Аханбаев Мыңжасар	8	жартылай отбасы	42 500 теңге	<i>Аханбаев</i>
13	Ордабек Айғаным	8	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Айғаным</i>
14	Жандар Ислам	4	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Жандар</i>
15	Амангелді Динара	8	жартылай отбасы	42 500 теңге	<i>Динара</i>
16	Ергалиұлы Жантөре	8	жартылай жетім	42 500 теңге	<i>Жантөре</i>
17	Амангелді Аружан	9	жартылай отбасы	100 000	<i>Аружан</i>
18	Ергалиұлы Жантөре	8	жартылай жетім	30 000	<i>Жантөре</i>
19	Қаржаубай Абзал	6	көп балалы отбасынан	30 000	<i>Қаржаубай</i>

Жалпы сомасы: 500 000 теңге

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО:

Әлеуметтік педагог:

Педагог-психолог:

Кәсіподақ төрайымы:

Қосымша білім беру педагогы:



С. Комербаев

А. Абжапар

М. Есенчиев

Г. Бастықова

А. Елшібек













*Түркістан облысы Төлеби ауданы
«Мәдени жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

**23.11-04.12.2023 ж. аралығында
«Бала құқығы – адам құқығы»
атты онкүндіктің өтілуі туралы
МӘЛІМЕТ**



2023-2024 оқу жылы

Бала және оның құқығы

Ата-аналар өздерінің балаларын тәрбиелей отырып, оны қорғауға міндетті. Әлі жасы жетпегендіктен, әлі қабілеті толық қалыптаспағандықтан балалар өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Сондықтан ата-аналар, біріншіден, балаларының құқығын қорғауға міндетті. Бұл оның мүлкіне де, жеке басына да қатысты. Екіншіден, балалардың мүддесін қорғауға заң жүзінде белгіленетін құқық, мысалы, баланың мұрагер болу құқығы да жатады. Құқықты қорғауға баланың құқығын бұзуға жол бермеу үшін күресу мәселесі де қосылады. Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады.



Ата-аналар өздерінің баласына былай да теріс қарамайтыны табиғи нәрсе. Дегенмен, өкінішке орай, өмірде басқа да жағдайлар кездесетіні жасырын сыр емес. Тәрбиеден қате жіберілсе, оның салдары ата-ананың өзіне тиеді. Тәрбиесіздік пен адамгершілікке жатпайтын тәртіп балаға оңайға соқпайды. Қоғам да, басқа адамдар да мұндай қылықтан зиян шегеді. Мұның арты заңды, құқықты бұзушылыққа дейін әкеліп соғатыны тағы бар. Сондықтан өзінің борышын дұрыс атқармаған ата-анаға заңның да қолданатын шарасы болады. Кейбір сирек жағдайларда ата-ана (әкесі не шешесі) өзінің ата-аналақ құқығынан заң жүзінде айырылуы мүмкін.

Кейбір сирек кездесетін жағдайлар дегеніміз не? Енді соған келейік. Біріншіден, егер ата-ана адамгершілік, әделетілік тәрбиесімен айналыспаса, оқуы мен қалыпты дамуына қажетті жағдай жасамаса, онда ол баласын тәрбиелеудегі өзінің міндетінен қашқандыққа жатады. Екіншіден, мұндай жағдайда ата-аналар өздерінің құқығын теріс пайдаланған (оқуға баруына бөгет жасау, сабаққа дайындалуына мүмкіндік бермеу, қайыр сұрауға мәжбүр ету, баланы басқа да теріс қылықтарға ұрындыру) болып табылады. Үшіншіден, егер ата-ана ұрып-сабаса, баласын қорқытса, тамақ бермесе, үйден қуып жіберсе, қадір-қасиетін қорласа, төртіншіден, ата-ана өзінің адамшылыққа жатпайтын, қоғамға қарсы қылығымен зиянды түрде ықпал етсе, бесіншіден — үнемі маскүнемдікке, қорлыққа салынса, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан айырады.



Ата-аналық құқықтан айырғаннан кейін ата-ана мен бала арасындағы байланыс тоқталады. Соттың шешімімен ата-аналық құқығын жойған адамда енді баласын тәрбиелеу құқығы болмайды, сондай-ақ ол ата-ананың басқа да құқығы жойылады. Ол ата-ана енді басқа біреуден өзінің баласын сұрап ала алмайды, баланың заңды өкілі бола алмайды, оның мүддесін қорғауға да құқығы болмайды. Бірақ ата-аналық құқығы жойылған адам баланы материалдық жағынан қамту міндетінен босатылмайды. Егер ата-аналық құқығынан айрылған адам өзінің қателігін мойындаса, жеке басының тәртібін түзесе, онда оған ата-аналық құқығы қайтадан қалпына келтірілуі мүмкін.

Ата-анасының қамқорлық жасауынан айрылған баланы тәрбиелеп, мәпелеу — мемлекеттің, қоғамның қасиетті борышы. Жетімдерге қамқор болу — кез келген халықтың қалыптасқан дәстүрі. Бұл жұмыспен арнайы айналысатын мемлекеттік органдар бар. Бұлар — білім беру (қамқор болу, қарауына алу), денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдары. Ата-анасыз қалған балалар болса, осы органдарға хабарлау керек. Олар панасыз қалған балаларды өз қарамағына алады, оларға қамқорлық жасайтын адамдар тағайындайды. Балалар өздерін өздері қорғай алмайтын болғандықтан, оларға қамқор болып, қорғайтын мүдделерін жақтайтын адам белгіленеді. Қамқоршы не қарауына алушы болып өз міндеттерін өз еркімен орындауға дайын тұратын баланың туысы немесе басқа адам белгіленеді.

“Неке және отбасы туралы” Қазақстан Республикасының заңында жазылған:

1. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала деп танылады.
2. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар.

Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.



“Неке және отбасы туралы” Қазақстан Республикасының заңында ата-анасының екеуі де тегін өзгерткен жағдайда кәмелетке толмаған балалардың тегі өзгереді. Бала он алты жасқа толғанға дейін ата-анасының бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы баланың мүдделерін негізге ала отырып, баланың атын, сондай-ақ оған берілген текті басқа ата-ананың тегіне өзгертуге рұқсат беруге құқылы. Неке тоқтатылған немесе неке жарамсыз деп танылған жағдайда балалар өздеріне туған кезде берілген тектерін сақтап қалады.

Егер ата-анасы бөлек тұрса және бала бірге тұратын ата-анасының біреуі оған өзінің тегін бергісі келсе, азаматтық хал актілерін жазу органы бұл мәселені баланың мүдделеріне қарай және ата-ананың пікірін ескере отырып шешеді. Ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған, ол ата-ана құқығынан айырылған, әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайда, сондай-ақ ата-ана баланы асырап-бағу мен тәрбиелеуден дәлелді себептерсіз ретте оның пікірін ескеру міндетті емес.

Егер бала бір-бірімен некеде тұрмайтын адамдардан туған болса және әкесі заңды тәртіппен белгіленбесе, азаматтық хал актілерін жазу органы, баланың мүдделерін негізге ала отырып, оның тегін анасының осындай өтініші жасаған кездегі соның тегіне өзгертуге рұқсат етуге құқылы.

Он жасқа толған баланың атын және (немесе) тегін оның келісімімен ғана өзгертуге болады.

Баланың ұлты оның ата-анасының ұлтымен айқындалады. Егер ата-анасының ұлты әртүрлі болса, ол баланың қалауы бойынша оған жеке басының куәлігі немесе паспорт берілген кезде әкесінің немесе шешесінің ұлтымен айқындалады. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша басқа ата-анасының ұлтына өзгертілуі мүмкін.

Баланың мүлктік құқықтары:

1. Баланың “Неке және отбасы туралы” Қазақстан Республикасының заңында жазылған 5-білімінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде өзінің ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен асырау қаражатын алуға құқығы бар.


2. Балаға алименттер, зейнетақылар, жәрдемақылар ретінде тиісті сомалар ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) билік етуіне келіп түседі және оны олар баланы асырап-бағуға, оған білім беруге және оны тәрбиелеуге жұмсайды.

3. Баланың өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртібімен алған кірістерді, мүлкті, сондай-ақ баланың қаражатына сатып алынған басқа да кез келген мүлкті меншіктенуге құқығы бар. Өз еңбегінен кіріс алған бала, егер ол ата-анасымен бірге тұрса, отбасын асырау жөніндегі шығыстарға қатысуға құқылы.

Баланың өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікке билік ету құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 22 және 23-баптарымен белгіленеді.

Ата-ананың бала мүлкін басқару жөніндегі құқықтарын жүзеге асыруы кезінде оларға осы Заңның 114-бабында белгіленген ереже қолданылады.

Қыздар клубының жетекшісі Маймақова Назира «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты тақырыбында баяндама оқу кезеңі



Дөнгелек үстел де қыз балалардың бір-бірімен ой бөлісу кезеңі





Көру арқылы өмірді қалай сүйетінін әсерлеп жеткізу кезеңі



Топтық жұмыста оқушылардың бір-бірімен ой бөлісуі



«Заң бәрімізге ортақ» тақырыбы аясында мектеп кітапханасында баяндама оқылды.



«Біз және Заң» аясында кітап көрмесі



*Ата заңымыздағы басты қағида – адамның
құқықтары мен міндеттерін жетік білу.*



*Заңды білу, және оны құрметтеу,
оны күнделікті өмірде орындау,
жеткіншек жасындағы мектеп
оқушыларының құқықтық
тәрбиесі, олармен жүргізілетін
тәрбие жұмысының мазмұндық
ерекшелігіне ғана емес, сонымен
бірге оны ұйымдастыру
формасымен, әдіс – тәсілдеріне
тікелей тәуелді болмақ.*

Қараша айының 28-жұлдызында 1 «А» сыныбында «Жол қауіпсіздігі» атты ашық тәрбие сағатын өткіздім.

Сабақты бастамас бұрын оқушыларды шаттық шеңберіне тұрғызып психологиялық ахуалды орнатып алдық. Яғни «Бағдаршам» туралы не білеміз? – деген сұраққа оқушылар өз білгендерін, қайда көргендерін жарыса айтты. Содан соң бағдаршамның үш түсіне қарай оқушыларды үш топқа бөлдім. «Бағдаршам» тобы, «Жүргізуші» тобы, «Жол белгілері» тобы болып үш топқа бөлініп отырды.



Бірінші сұрақ бойынша үш топ үш түстің атқаратын қызметі бойынша қорғап шықты. Оқушыларға интербелсенді тақтамен бағдаршам туралы слайд көрсетілді. Бағдаршам –өмірімізді апаттан сақтандыратын жалғыз көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамыздың міндетіміз. Бағдаршам - жол элементтерінің ішіндегі ең ерте қолданыла бастағаны. Қазір бағдаршамның жасы жүзден асып кетті. Оның кескін келбеті де құрылысы да әлденеше рет жаңарды. Ол жол қозғалысына қатысушыларға өз жарығымен бағыт сілтейді.



Келесі кезекте оқушыларға жаяу жүргіншілер жүретін жолмен таныстырылды. Мектеп ауласына шығып оқушылармен бірге жаяу жүргіншілер жүретін жолмен жүріп жол қауіпсіздік ережесін таныстыртым.

Қорытынды: Айналайын абайла
 Жан-жағыңа қарайла
 Жолда-жүру ережесін
 Есте сақта қалайда.

Міне, балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білеміз. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек өзімізді жол апатынан сақтаймыз. Ал енді осы ережелерді әрқашан орындап, аман болайық.

Бейнероликтің көрсетілім барысы

